

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидалары 32-тармағының төртінші бөлігін қолдануды тоқтата тұру туралы

Күшін жойған

ҚАУЛЫ Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 26 ақпан N 65 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 9 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1076. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 175 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 26 ақпандағы N 65 Қаулысының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 175 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларының 32-тармағы төртінші бөлігінің талаптарын жою туралы 2000 жылғы 18 қаңтардағы N 10008/52 хатын қарай келіп, Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 3) тармақшасының негізінде Ұлттық комиссия

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 17 наурызда 707 V980707_ нөмірмен тіркелген Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидалары 32-тармағының төртінші бөлігін қолдану 2001 жылғы 01 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын ("Рынок және құқық". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 3(4), 7-13-беттер, N 7(8), 4-5-беттер, N 9(11), 12-

б е т) .

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), "Бағалы қағаздар орталық депозитарий" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" Занды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына ж е т к і з с і н ;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Комиссияның мүшелері